

## Санитариялық шараларды ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы жалпы процестерді іске асыру қағидаларын бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 11 ақпандағы № 24 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған Санитариялық шараларды ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы жалпы процестерді іске асыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2020 жылғы 11 ақпандағы  
№ 24 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## Санитариялық шараларды ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы жалпы процестерді іске асыру ҚАҒИДАЛАРЫ

### I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағида Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Санитариялық шараларды ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы жалпы процестерді (бұдан әрі – Одақ, жалпы процестер) іске асыруға қойылатын талаптарды, жалпы процестерге қатысушылар оларды іске асыру кезінде жүзеге асыратын функцияларды, олардың арасында ақпарат алмасу тәртібін, сондай-ақ жалпы процестерді іске асыру кезінде Одақтың ақпараттық порталына берілетін және онда жарияланатын мәліметтердің құрамын айқындайды.

2. Осы Қағиданың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"ауру туралы дерекқор" – инфекциялық және жаппай инфекциялық емес аурулар (уланулар) анықталған жағдайар туралы, сондай-ақ қабылданған санитариялық шаралар туралы мәліметтерді қамтитын жалпы ақпараттық ресурс;

"адамның өмірі, денсаулығы және ол өмір сүретін орта үшін қауіпті өнім туралы дереккор" – Одақтың кедендік шекарасында және кедендік аумағында адамның өмірі, денсаулығы және ол өмір сүретін орта үшін қауіпті өнімнің анықталғаны туралы, сондай-ақ қабылданған санитариялық шаралар туралы мәліметтері бар жалпы ақпараттық ресурс;

"бақылау-қадағалау функцияларын орындайтын органдар" - Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес тауарларға (өнімдерге) мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті Одаққа мүше мемлекеттердің органдары;

"мүдделі тұлғалар" – жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтерді өздерінің қызметінде пайдаланатын шаруашылық жүргізуші субъектілер мен жеке тұлғалар;

"өнімді мемлекеттік тіркеу кезіндегі өтінім беруші" - Одаққа мүше мемлекеттерде олардың заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға немесе дайындаушы немесе сатушы (импорттаушы) не дайындаушы уәкілетті тұлға болып табылатын, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

"инфекциялық аурулар" – адамның инфекциялық ауруы, оның туындауы және таралуы адамның өмір сүретін ортасындағы биологиялық факторлардың (инфекциялық ауруларды қоздыратын) әсерінен және аурудың ауырған адамнан, жануарлардан дені сау адамға берілуі мүмкіндігінен болады;

"өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігі" – өнімді мемлекеттік тіркеу туралы рәсімделген куәліктер туралы мәліметтері бар ұлттық ақпараттық ресурс;

"инфекциялық емес аурулар" – өмір сүру ортасындағы физикалық, химиялық немесе биологиялық факторлардың әсерінен туындайтын, адамнан адамға берілмейтін ауру.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге ұғымдар 2014 жылғы 29 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта, Одақ органдарының санитариялық шараларды қолдану мен техникалық реттеу мәселелерін реттейтін актілерінде айқындалған мағыналарында қолданылады.

## **II. Жалпы процестерді іске асырудың мақсаттары мен міндеттері**

3. Жалпы процестерді іске асырудың мақсаты Одақтың кедендік аумағының санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін инфекциялық және инфекциялық емес (уланулар) аурулардың пайда болуы (әкелінуі) мүмкіндігі, қауіпті өнімнің Одақтың кедендік аумағына әкелінуі және (немесе) таралуы қатерін азайту, сондай-ақ Одақтың (Кеден одағының) техникалық регламенттерінде (бұдан әрі – техникалық регламенттер) белгіленген өнімнің қауіпсіздігі талаптарының орындалуын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау болып табылады.

4. Жалпы процестерді іске асыру аясында мына міндеттерді шешу керек:

а) ақпараттық ресурстарды, оның ішінде:

өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімін;

ауру туралы дерекқорды;

адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнім туралы дерекқорды;

уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтері бар жалпы ақпараттық ресурсты құру, қалыптастыру жүргізу;

б) Одаққа мүше мемлекеттердің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдарын (бұдан әрі – мүше мемлекеттер, уәкілетті органдар), бақылау-қадағалау органдарын және мүдделі тұлғаларға эпидемиологиялық сипаттағы қауіптердің туындауы және төтенше жағдайлар туралы жедел хабарлауды қамтамасыз ету;

в) санитариялық шараларды қолдану саласындағы келісілген саясатты жүргізген кезде уәкілетті органдар арасындағы, Одақ шеңберінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттығын қамтамасыз ету саласындағы жұмыстарды орындаған кезде уәкілетті органдар мен бақылау-қадағалау функцияларын орындайтын органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру;

г) санитариялық шаралардың қолданылуы және техникалық реттеу саласындағы өзекті әрі шынайы мәліметтерге мүдделі тұлғалардың қолжетімділігін арттыру;

д) инфекциялық және жаппай инфекциялық емес аурулардың, адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнімнің анықталған жағдайларында өнімді мемлекеттік тіркеу туралы және эпидемиологиялық болжамдар жасау, инфекциялық және жаппай инфекциялық емес ауруларды (улануларды) алдын ала болжау үшін қажетті ақпаратты талдау және статистикалық талдау үшін уақытша қабылданған санитариялық шаралар туралы мәліметтерді пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету.

### **III. Жалпы процестерге қатысушылардың функциялары**

5. Мыналар:

уәкілетті органдар;

бақылау-қадағалау функцияларын орындайтын органдар;

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия);

мүдделі тұлғалар жалпы процеске қатысушылар болып табылады.

6. Уәкілетті органдар мынадай функцияларды жүзеге асырады:

а) "Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімін қалыптастыру , жүргізу және пайдалану" жалпы процесін іске асыру аясында:

өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігін қалыптастыру және жүргізу;

көрсетілген тізілімді қалыптастыру және жүргізу үшін өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен Комиссияға мәліметтер беру ;

б) "Инфекциялық және жаппай инфекциялық емес аурулар (уланулар) анықталған және (немесе) адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнімнің Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында таралуы анықталған жағдайлар туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін іске асыру аясында:

Одақтың кедендік аумағында инфекциялық және жаппай инфекциялық емес аурулар (уланулар) анықталғаны туралы және қабылданған санитариялық шаралар туралы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын хабардар ету, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді Комиссияға беру;

Одақтың кедендік шекарасында және кедендік аумағында адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнімнің анықталған жағдайлары туралы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын және бақылау-қадағалау функцияларын орындайтын органдарды хабардар ету, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді Комиссияға беру;

аумағында өнімнің өндірістік процесіне қатысты бұзушылықтар анықталған өндірушілер орналасқан мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын осындай бұзушылықтар туралы хабардар ету, осындай хабарламаларды аумақтарында өнім өндіру процесіне қатысты бұзушылықтар жасаған өндірушілер орналасқан мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының қарауы және қабылданған санитариялық шаралар туралы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына және Комиссияға хабарлау;

Комиссияның актілерінде көзделген жағдайларда, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берілген зертханалық зерттеулер (сынақтар) хаттамаларының (бұдан әрі – хаттамалар) негізінде сұрау салу бойынша уәкілетті органдарға мәлімет беру.

в) "Уақытша санитариялық шараларды енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру аясында:

барлық мүше мемлекеттердің аумағында уақытша санитариялық шараларды енгізу, өзгерту немесе алып тастау туралы мәліметтерді, сондай-ақ жауапты уақытша санитариялық шараларды енгізу туралы немесе уақытша санитариялық шаралар туралы шешім қабылдаған мүше мемлекеттердің қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету бойынша жүргізген іс-шаралары туралы мәліметтерді Комиссияға және уәкілетті органдарға беру;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 149 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының уақытша санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізген кездегі өзара іс-қимыл тәртібіне

сәйкес енгізілген уақытша санитариялық шаралар туралы олардың сұрау салуы бойынша уәкілетті органдар мен Комиссияға қосымша ақпарат беру.

7. Жалпы процестерді іске асыру аясында Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

а) өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу;

б) ауру туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу;

в) адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнім туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу;

г) уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтері бар жалпы ақпараттық ресурсты қалыптастыру және жүргізу;

д) өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімінен, ауру туралы дерекқордан, адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнім туралы дерекқордан мәліметтерді, сондай-ақ уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау;

е) өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімінен, ауру туралы дерекқордан, адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнім туралы дерекқордан мәліметтерді, сондай-ақ уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтерді уәкілетті органдарға беру;

ж) бақылау-қадағалау функцияларын орындайтын органдарға адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнім туралы дерекқордан мәліметтер беру;

з) Кеден одағының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау (бақылау) жүргізу тәртібіне (бұдан әрі – Санитариялық бақылау жүргізу тәртібі) № 4 қосымшаға сәйкес № 1КТ нысаны бойынша Одақтың кедендік аумағындағы санитариялық қорғау жөніндегі іс-шаралар туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау.

8. Бақылау-қадағалау функцияларын орындайтын органдар адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнімнің Одақтың кедендік аумағына әкелінуіне және таралуына жол бермеу бойынша іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету үшін уәкілетті органдардан адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнімнің анықталған жағдайлары және қабылданған санитариялық шаралар туралы хабарламаларды алады. Қажет болған кезде адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнімнің анықталғаны туралы мәліметтерді бақылау-қадағалау функцияларын орындайтын органдар да сұрау салу бойынша адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнім туралы дерекқордан алуы мүмкін.

9. Осы Қағидалардың 4-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген жалпы ақпараттық ресурстардан (бұдан әрі – ақпараттық ресурстар) ақпарат алу үшін мүдделі тұлғалар Одақтың ақпараттық порталының веб-интерфейсін немесе оның сервистерін пайдалана алады. Веб-интерфейсті пайдалану кезінде пайдаланушы іздеу параметрлерін және (немесе) жалпы ақпараттық ресурстардағы ақпаратты орнатады және ақпараттық ресурстардан ақпараттармен жұмыс жасауды жүзеге асырады.

Одақтың ақпараттық порталында орналасқан сервистерді пайдалану кезінде мүдделі тұлғаның ақпараттық жүйесі мен Одақтың ақпараттық порталы арасында ақпараттық өзара іс-қимыл жүзеге асырылады.

10. Жалпы процестерге қатысушылардың ақпараттық өзара іс-қимылы оларды іске асырған кезде осы Қағидаға № 1 қосымшаға сәйкес схема бойынша жүзге асырылады.

#### **IV. Ақпараттық ресурстар мен сервистер**

11. Ақпараттық ресурстарды Комиссияға электрондық нысанда уәкілетті органдар беретін ақпараттар негізінде Комиссия қалыптастырады және жүргізеді.

12. Ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және жүргізу Комиссияның уәкілетті органдардан ақпараттық ресурстарға енгізілетін тиісті ақпаратты алуын, оларды сақтауды, Одақтың ақпараттық порталында ақпараттық ресурстардан келісілген көлемде ақпараттың жариялануын, сондай-ақ Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі - біріктірілген жүйе) құралдарын пайдалану арқылы уәкілетті органдарға осындай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуді қамтиды.

13. Уәкілетті органдар ақпараттық ресурстарға қосу (өзекті ету) үшін өздері ұсынатын ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді.

14. Комиссия құзырлы органдардың және бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын органдардың сұратуы бойынша оларға ақпаратты Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін ақпараттық ресурстардан жібереді.

#### **Бірыңғай тізілімді жүргізу**

15. Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімі құрамы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 80 шешімімен бекітілген Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібінде айқындалған мәліметтерді қамтиды және ол осы Қағидаға № 2 қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген. Өнімдерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізілген ақпарат Одақтың ақпараттық порталында жариялануға жатады.

#### **Ауру туралы дерекқорды жүргізу**

16. Ауру туралы дерекқор осы Қағидаларға № 2 қосымшаның 2-кестесіне сәйкес құрамдағы мәліметтерді қамтиды.

17. Халықаралық мәні бар, қоғамдық денсаулық сақтау саласында төтенше жағдайлар туғызуы мүмкін инфекциялық және инфекциялық емес аурулар (уланулар) жағдайлары туралы мәліметтерді ауру туралы дерекқорға енгізу үшін Комиссияға беру туралы шешімді 2005 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық медициналық-санитариялық қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес уәкілетті орган қабылдайды.

Инфекциялық және инфекциялық емес аурулар (уланулар) туралы мәліметтерді уәкілетті органдар дерекқорға енгізу үшін Комиссияға тиісті шешім қабылданған күнінен бастап 3 жұмыс күні ішінде беруі керек.

18. Уәкілетті органдар инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың (уланулар) туындау себептеріне жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы мәліметтерді, сондай-ақ қабылданған санитариялық шаралар туралы мәліметтерді келіп түсуіне қарай дерекқорға енгізіп отырады.

Инфекциялық және инфекциялық емес аурулар (уланулар) анықталған жағдайлар мен адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнім анықталған жағдайдың арасындағы расталған өзара байланыстың болғаны туралы мәліметтер ауру туралы дерекқорға енгізілуге жатады.

19. Инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың (уланулар) анықталғаны туралы мәліметтерді ауру туралы дерекқордан алып тастауға болмайды. Мүдделі тұлғаларды инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың (уланулар) туындау кәтері туралы тиімді түрде хабардар етуді қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті органдар инфекциялық аурулардың (уланудың) өршуін оқшаулау және жою бойынша іс-шаралардың аяқталғаны туралы және жаппай инфекциялық ауру (улану) оқиғаларын жою бойынша жұмыстың аяқталғаны туралы мәліметтерді ауру туралы дерекқорға енгізу үшін Комиссияға береді.

20. Осы Қағиданың 16-тармағында көрсетілген ауру туралы дерекқордан мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жариялануға жатады.

### **Адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнім туралы дерекқорды жүргізу**

21. Мүше мемлекеттердің аумағында адамның өміріне, денсаулығына және оны қоршаған ортаға қауіпті өнімдердің анықталған жағдайлары туралы ақпарат санитариялық бақылауды жүзеге асыру тәртібімен белгіленген жағдайларда адам өміріне, адам денсаулығы мен оны қоршаған ортаға қауіпті өнімдер туралы мәліметтер базасына енгізілуі керек.

22. Адам өміріне, денсаулығына және оның қоршаған ортасына қауіпті өнімдер туралы мәліметтер базасында осы Қағидаларға 2-қосымшаның 3-кестесіне сәйкес құрамда ақпарат бар.

23. Адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнім туралы дерекқорға келіп түсуіне қарай осындай өнімнің анықталған жағдайлары, сондай-ақ қабылданған санитариялық шаралар туралы қосымша мәліметтер енгізіледі.

Мүше мемлекеттердің аумағында адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнімнің анықталған жағдайлары мен мүше мемлекеттердің аумақтарында жануарлардың жұқпалы аурулары, соның ішінде адамдар мен жануарлар үшін ветеринариялық-санитариялық қауіпті ортақ ауруларының анықталғаны және таралып бара жатқаны арасында өзара байланыс бар екендігі расталғаны туралы мәліметтер болған кезде мұндай мәліметтер ауру дерекқорына енгізілуге тиіс.

24. Мүше мемлекеттердің аумағында адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнімнің анықталған оқиғалары туралы мәліметтерді адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнім туралы дерекқордан алып тастауға болмайды. Мүдделі тұлғаларды инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың (уланулар) туындау қатері туралы тиімді түрде хабардар етуді қамтамасыз ету мақсатында адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнімнің айналысымен байланысты мүше мемлекеттер азаматтарының өмірі мен денсаулығы үшін қатерлер туралы уәкілетті органдар енгізілген санитариялық шаралардың қолданылуын қамтамасыз ететін іс-шаралардың аяқталғаны туралы немесе өнімнің қауіпсіздігін растау туралы мәліметтерді (болған кезде) Комиссияға береді.

25. 22-тармақта көрсетілген адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнім туралы дерекқорға енгізілген мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жариялануға жатады.

### **Уақытша санитариялық шаралар туралы ақпараттық ресурсты жүргізу**

26. Уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтерді ақпараттық ресурсқа енгізу тәртібі Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 149 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының уақытша санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізген кездегі өзара іс-қимыл тәртібінде айқындалады.

27. Мүше мемлекеттер уақытша санитариялық шараларды енгізген, өзгерткен немесе алып тастаған кезде уәкілетті органдар уақытша санитариялық шаралар туралы ақпараттық ресурсқа енгізетін мәліметтердің құрамы осы Қағидаға № 2 қосымшаның 4-кестесінде көрсетілген.

28. Мүше мемлекеттердің біреуі, басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары енгізген уақытша санитариялық шара туралы ақпаратты қарау нәтижелері бойынша уақытша санитариялық шаралар туралы ақпараттық ресурсқа енгізілетін мәліметтердің құрамы осы Қағидаларға 2-қосымшаның 5-кестесінде келтірілген.



29. Осы Қағидалардың 27 және 28-тармақтарында көрсетілген мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жариялануға жатады.

30. Инфекциялық және жаппай инфекциялық емес аурулар (уланулар) оқиғалары анықталуымен немесе адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнімнің анықталуымен байланысты мүше мемлекет уақытша санитариялық шараларды енгізген жағдайда, мұндай жағдайлар туралы мәліметтерді уәкілетті орган уақытша шараларды енгізудің негіздемесі ретінде уақытша санитариялық шаралар туралы ақпараттық ресурсқа енгізуге тиіс.

### **Электрондық сервистер**

31. Одақтың ақпараттық порталында мынадай электрондық сервистерге қол жеткізу қамтамасыз етіледі:

а) мүше мемлекеттер азаматтарының өмірі мен денсаулығы үшін қатерлер туралы хабарлау, соның ішінде жануарлардың аурулары, адамдар мен жануарлар үшін ортақ аурулардың анықталғаны туралы хабарлау, инфекциялық және жаппай инфекциялық емес аурулардың (уланулардың) анықталғаны туралы хабарлау, мүше мемлекеттердің аумақтарында санитариялық-эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауымен байланысты уақытша санитариялық шаралар енгізілгені туралы хабарлау;

б) белгілі бір форматтарда мәліметтерді, соның ішінде мүдделі тұлғалардың сұрау салуы бойынша мәліметтерді беруді қамтамасыз етуді қоса алғанда, мәліметтерді автоматты түрде өңдеу үшін Одақтың ақпараттық порталында жарияланған мәліметтерді іздестіру және оны жалпы процестерге қатысушыларға беру;

в) Одақтың ақпараттық порталында жарияланған мәліметтерді жаңартуға, сондай-ақ мүше мемлекеттер аумақтарында мүше мемлекеттер азаматтарының өмірі мен денсаулығы үшін қатерлердің туындауы туралы хабарламаларға жазылымдарды ресімдеу;

г) Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесінің құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды санитариялық шараларды қолдану саласындағы жалпы процеске қатысушыларға беру, соның ішінде автоматты түрде өңдеу үшін мүдделі тұлғалардың сұрау салуы бойынша беру;

д) Одақ шеңберінде санитариялық шараларды қолдану туралы ақпараттық-анықтамалық сервистер;

е) жалпы процестерге қатысушыларға Одақ аясында санитариялық шараларды қолдану саласында статистикалық және талдамалық ақпаратты графикалық түрде ( графика диаграмма, инфопанель, карта және т.б. түрде) беру;

ж) Одақтың кедендік аумағында санитариялық қорғау бойынша іс-шаралар туралы мәліметтерді орналастыру үшін Санитариялық бақылау тәртібіне № 4 қосымшаға сәйкес 1КТ нысаны бойынша уәкілетті органның жеке кабинеті;

з) өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің қолданысының мәртебесін тексеру сервисі.

32. Осы Қағиданың 31-тармағының а) тармақшасында көрсетілген сервис аясындағы мәліметтер тиісті жалпы процестер қолданысқа енгізілгеннен кейін беріледі.

## **V. Ақпараттық іс-қимылдың ерекшеліктері**

33. Уәкілетті органдар мен Комиссияның Одақтың кедендік аумағын санитариялық қорғау жөніндегі іс-шаралар туралы белгіленген нысанда жыл сайынғы есептерін Комиссияға ұсынумен байланысты ақпараттық өзара іс-қимылы уәкілетті органдардың қызметкерлері үшін Одақтың ақпараттық порталында құрылған уәкілетті органдардың дербес шоттарының қызметін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

34. Уәкілетті органдардың, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын органдардың өздері мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылы интеграцияланған жүйенің көмегімен жүзеге асырылады.

35. Уәкілетті органдардың тауарларды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер туралы мәліметтерді Комиссияға беруі осындай мәліметтерді енгізген кезде, соның ішінде өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерін өзекті ету кезінде автоматты түрде жүзеге асырылады.

36. Хаттамалар өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізілмейді. Мұндай құжаттарды уәкілетті органдар тиісті уәкілетті органның өтініші бойынша интеграцияланған жүйенің құралдарын қолдана отырып, санитариялық бақылауды жүргізу тәртібінде көзделген жағдайларда электрондық нысанда береді.

Сұрау салуда уәкілетті орган хаттаманы сұрататын өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен берілген күні, сондай-ақ өнімді сынау түрі туралы ақпарат болуға тиіс.

Хаттаманы ұсыну туралы сұрау салуға жауап ретінде хаттаманың немесе электрондық хаттаманың сканерден өткізілген көшірмесі туралы мәлімет ұсынылады (егер мұндай хаттаманың электрондық форматына Комиссия мақұлдаған талаптар болса).

37. Адамның өміріне, денсаулығына және оны қоршаған ортаға қауіпті өнімдерді анықтау және уақытша санитариялық-эпидемиологиялық шаралар енгізу туралы қосымша ақпаратты ұсыну кезінде сұрау салу бойынша уәкілетті органдар арасында берілетін ақпараттың құрамы осы Қағидаларға 2-қосымшаның 6-кестесінде келтірілген.

38. Өнімнің өндірістік процесіне қатысты бұзушылықтар болған кезде, осындай бұзушылықтарды анықтаған мүше мемлекеттің уәкілетті органы және аумағында өнімді өндіруші орналасқан мүше мемлекеттің уәкілетті органы интеграцияланған жүйенің құралдарын қолдана отырып, Санитариялық бақылау жүргізу тәртібіне сәйкес бір-біріне ақпарат береді. Берілетін ақпараттың құрамы осы Қағидаларға № 2 қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

39. Мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құпия болып табылатын ақпараттарды уәкілетті органдардың осы Қағидалардың 36-38-тармақтарында көрсетілген жалпы процестерді жүзеге асыру шеңберінде қосымша ақпарат алмасу кезінде беруі жүзеге асырылмайды.

## **VI. Жалпы процестерді іске асыру бойынша іс-шаралар**

40. Комиссия уәкілетті органдар арасындағы, уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы, уәкілетті органдар мен бақылау және қадағалау функцияларын орындайтын органдар арасындағы және бақылау-қадағалау функцияларын орындайтын органдар мен Комиссия арасындағы осы саладағы жалпы процестерді жүзеге асыру кезінде интеграцияланған жүйенің көмегі арқылы санитариялық шараларды қолдануды ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы ақпараттық өзара іс-қимылды реттейтін технологиялық құжаттарды әзірлейді және бекітеді.

41. "Инфекциялық және жаппай инфекциялық емес аурулардың (уланулар) анықталған және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында адамның өмірі, денсаулығы және оның өмір сүретін ортасы үшін қауіпті өнімнің таралуы оқиғалары туралы, сондай-ақ қабылданған санитариялық шаралар туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесі аясында қалыптастырылатын ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы жалпы процестер тізбесінің 37 және 40-тармақтарында көзделген "Қауіпті өнім туралы хабар беру жүйесін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" және "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында жануарлардың жұқпалы аурулары, соның ішінде адамдар мен жануарлар үшін ветеринариялық-санитариялық қауіпті ортақ аурулардың анықталған және таралу оқиғалары туралы, сондай-ақ қабылданған ветеринариялық-санитариялық шаралар туралы" жалпы процестер аясында қалыптастырылған ақпараттық ресурстарды біріктіру мақсатында жалпы процестерде көрсетілген электронды құжаттар мен мәліметтерді жобалау кезінде келісілген тәсілдер қолданылуға тиіс.

42. Уәкілетті органдар технологиялық құжаттардың талаптарын сақтауды, уәкілетті органдардың интеграцияланған жүйенің ұлттық сегменттеріне қосылуын және ақпараттық өзара іс-қимылдың мемлекетаралық тестілеуін өткізуді қамтамасыз ететін жалпы процестерді енгізу үшін қажетті шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді.


43. Жалпы процестерді іске қосу рәсімдерінің орындалуын үйлестіруді, жалпы процестердің іске асырылуы (орындалуы) нәтижелеріне мониторингті және талдауды Комиссия жүзеге асырады.

44. Уәкілетті органдар Одақтың ақпараттық порталындағы дербес кабинеттерді пайдалана отырып, жыл сайынғы есептілік туралы өзекті ақпаратты Одақтың кедендік


аумағын санитариялық қорғау жөніндегі іс-шаралар туралы белгіленген нысан бойынша Комиссияға беріп отырады.

Санитариялық шаралардың қолданылуын ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы жалпы процестерді іске асыру қағидаларына  
№ 1 қосымша


**Санитариялық шаралардың қолданылуын ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы жалпы процестерді іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылдың функционалдық схемалары**




1-сурет. Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер туралы мәліметтер алмасудың функционалдық схемасы



2-сурет. Инфекциялық және жаппай инфекциялық емес аурулардың (уланудың) анықталған оқиғалары туралы мәліметтер алмасудың функционалдық схемасы




3-сурет. Адамның өміріне, денсаулығына және оны қоршаған ортаға қауіпті өнімнің анықталғаны туралы мәліметтер алмасудың функционалдық схемасы



4-сурет. Өнімді өндіру процесімен байланысты бұзушылықтар анықталғаны туралы мәліметтер алмасудың функционалдық схемасы





5-сурет. Уақытша санитариялық шараны енгізу, өзгерту және алып тастау туралы мәліметтер алмасудың функционалдық схемасы

Санитариялық шаралардың қолданылуын ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы жалпы процестерді іске асыру қағидаларына  
№ 2 ҚОСЫМША

**Санитариялық шаралардың қолданылуын ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы жалпы процестерді іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен бақылау-қадағалау функцияларын орындайтын органдар арасында, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бақылау-қадағалау функцияларын орындайтын органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасында берілетін мәліметтердің ҚҰРАМЫ**

1. Осы құжат санитариялық шаралардың қолданылуын ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы жалпы процестерді іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық ахуалы саласындағы



уәкілетті органдары (бұдан әрі – тиісінше Одақ, уәкілетті органдар), Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі - Комиссия), мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен бақылау-қадағалау функцияларын орындайтын органдар арасында және мүше мемлекеттердің бақылау-қадағалау функцияларын орындайтын органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасында берілетін мәліметтердің құрамын айқындайды.

2. Технологиялық құжаттарды әзірлеу сатысында ақпарат құрамы егжей-тегжейлі көрсетіліп, электрондық құжаттар мен ақпараттың форматы мен құрылымы анықталады.

3. Жалпы процестерді жүзеге асыру аясында ақпарат беріледі, оның құрамы 1-6-кестелерде келтірілген.

4. Кестелерде мынадай жолдар (графалар) қалыптастырылады:

"элементтің атауы" – реттік нөмірі және элементтің қалыптасқан немесе ресми сөзбен жазылған белгіленімі;

